

БАСПАСӨЗ ПАРАҒЫ

07 қыркүйек 2016 жыл

Талдықорған қаласы

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ мен Алматы облысының әкімдігі ынтымақтастықты нығайту мен несие серіктестігіне (НС) қатысушыларды қаржыландырудың ауқымын кеңейту туралы өзара келісімге қол қойды.

Бұл туралы бүгін аймақ әкімі **Амандық Баталов** пен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарма төрайымы **Гүлнәз Атамқұлова** Талдықорған қаласында өткен облыстағы НС жүйесін қолдау мен дамытуға арналған кеңейтілген кеңесте атап өтті.

«Әкімшілікпен арадағы бірлескен жұмыс Алматы облысындағы фермерлердің «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ қаржыландырып отырған барлық бағдарламаларға қатысуына, сондай-ақ, шағын және орта шаруашылықтардың НС несиелеудегі жайлы талаптары бойынша ортақ кооперативтерге бірігуіне мүмкіндік береді», -деп атап өтті Г. Атамқұлова.

Анықтама:

2001-2016 жылдар аралығында Корпорация қолдауымен Республикамыздың 13 облысындағы 165 ауданда, 12 мыңнан аса ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің басын біріктірген 180 НС құрылды. Қазір Алматы облысында 22 НС жұмыс жасайды.

Республика бойынша НС жүйесі арқылы қаржыландыруға биылғы жылы 30 млрд. теңгеге тарта қаржы бөлінбек, оның ішінде 2 млрд. 800 млн. теңге құрамында 1500 ден аса ауыл шаруашылық тауар өндірушілері бар Алматылық фермерлерге қарастырылатын болады.

Анықтама:

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ, 2001 жылы ҚР Үкіметі қаулысымен құрылған компания. Негізгі мақсаты – аграрлық саланы Қазақстан Республикасы агроөнеркәсіпкешені субъектілерін қолжетімді несиелеу жүйесін дамыту арқылы индустриаландыру және әртараптандыру. «ҚазАгро» Ұлтық басқарушы холдингінің құрамына кіреді.

**«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ,
баспасөз қызметі
8 (7172) 55 99 16**